



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Базалық мөлшерлемені 9,5%-ға дейін төмендету туралы

2018 жылғы 5 наурыз

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізben 9,5%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Жылдық инфляция 2018 жылға арналған нысаналы дәліз ішінде баяулауын жалғастыруды. Инфляциялық күтүлдер төмендеу үрдісін көрсетіп отыр. Қысқа мерзімді аралықта жылдық инфляцияның 5-7% дәлізінің төмен шегінен шығу тәуекелдері бар, алайда орта мерзімді кезеңде инфляция 2019 жылға арналған 4-6% жаңа нысаналы дәліздің ішінде болады. Сыртқы нарықтарда және сауда әріптес елдердегі жағдайларын даму болашағына қатысты жағымды үрдістерді және оң бағалауды, сондай-ақ Қазақстан экономикасының өсуін 2018-2019 жылдары сақтау бойынша күтүлдерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылы бейтарап ақша-кредит талаптарының сақталуын қамтамасыз етеп отырып, базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендету саясатын жалғастырады.

Жылдық инфляция 2018 жылдың басынан бастап Ұлттық Банк күткендергіден барынша тез қарқынмен баяулап, ақпанда 6,5% болды. Бағаның мұндай серпіні сыртқы инфляциялық аяның әлсіреуіне және ішкі нарықтағы жиынтық ұсыныстың өсуіне негізделді. Сауда әріптес елдердегі инфляцияның төмен деңгейі импорттық тауарлар бағаларының төмендеуіне ықпал етуде. Бұдан басқа, халықтың нақты ақшалай табыстарының теріс серпіні сақталған кезде ішкі тұтынудың қалпына келуі баяу қарқынмен орын алуда, бұл, өз кезегінде, тұтыну бағаларына дезинфляциялық қысым көрсетуде.

Инфляцияның жекелеген құрауыштарының қымбаттауы энергия тасымалдауыштар нарықындағы алдыңғы жыл құйзелістеріне жауап ретінде қысқа мерзімді түзетуді көрсетіп отыр. Қаңтарда құбылмалы құрамдас бөліктерді (жеміс-көкөніс өнімі, энергия тасымалдауыштар, реттелетін қызметтер) ескермегендеге **базалық инфляция** 6,1%-ға дейін төмендеп, бәсендедеу серпінін жалғастырды.

Ағымдағы жылы инфляциялық тәуекелдердің сипаты жоғары (нысаналы дәліздің жоғары дәлізінен асып кету тәуекелі) сипаттан төмендеу сипатына ауысты. Ұлттық Банктің бағалауынша, әлсіз ішкі тұтынушылық сұраныс аясында және жекелеген тауар нарықтарындағы күйзелістер болмаған кезде 2018 жылғы 4-тоқсанда инфляция 5%-дан аз (нысаналы дәліздің төменгі шегінен төмен) болуы мүмкін. Алайда төмен инфляция аясында күтілетін халық табыстарының қалпына келуі 2019 жылға арналған 4-6% жаңа нысаналы дәлізге қол жеткізуі қамтамасыз етеді.

Экономикада байқалып отырған дезинфляциялық процестердің аясында **инфляциялық құтулер** төмендеу үрдісін сақтауда. 2018 жылғы қантарда халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижелеріне сәйкес бір жыл алға күтілетін инфляцияны бағалау 2017 жылғы қарашадағы 7,7% ең жоғары мәнмен салыстырғанда 6,6%-ға дейін төмендеді. Өткен жылы тауарлар бағасы бұрынғыға қарағанда тезірек өсті деп есептейтін респонденттердің үлесі жыл басынан бері 52,1%-дан 47%-ға дейін төмендеді, бұл халықтың инфляцияны қабылдауының жалғасып келе жатқан жақсаруын қуәландырады.

Ағымдағы жылы **экономикалық белсенділік** сенімді өсуін жалғастыруда. 2018 жылғы қантардың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,7%-ды құрады. Экономиканың өсуі өндірістік сектордағы белсенділікке негізделген және энергия ресурстарына әлемдік бағалардың өсуіне, сыртқы сұраныстың қалпына келуіне және минералдық ресурстарды өндіру көлемінің өсуіне байланысты.

Инфляцияның баяулауы және экономиканың орнықты өсу бағытына біртінде шығу аясында **ақша-кредит талаптары** бейтараптыққа үмтүлүүн жалғастыруда. Базалық мөлшерлемені одан әрі төмендету жөніндегі саясат инфляцияның болашақ деңгейінің орта мерзімді нысаналы дәлізге сәйкестігін және 2018 жылы инфляцияның барынша тез төмендеу тәуекелдеріне, олардың шектеулі және қысқа мерзімді сипатына қарамастан 2020 жылға қарай 4 %-дық мақсатқа жетуін қамтамасыз етеді.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 16 сәуірде Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz